

## Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1557

Берешектерді өтеу және төлем жасау қабілетін қалпына келтіруге байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтыру және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 1995 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Төлем жасауға қабілесіз кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беруі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 17. 194-құжат/ мынадай өзгертулер енгізілсін:

Оңтүстік Қазақстан облысының "Ачполиметалл" АҚ және Алматы қаласының "Поршень" Алматы зауыты" Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілетін төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізбесінен шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Медетші банкінен "Поршень" Алматы зауыты" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін қайтарып алсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі